

**«6D021000 – Шетел филологиясы» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған
Курманбаева Даметкен Тюлевтаевнаның
«Романның жанрлық белгілерін жүзеге асырудың когнитивтік негіздері
(Кадзуо Исигуроның «Never Let Me Go» және «The Buried Giant»
шығармалары негізінде)» атты диссертациясына**

АНДАПТА

Әдеби жанр, сондай-ақ роман жанры да, филология ғылымындағы ең өзекті әрі күрделі мәселелер қатарына жатады. Бұл бағыттағы зерттеулер жанр мен роман жанрыкатегориясын түсінуге, жіктеуге, олардың жалпы әдебиет тарихындағы орнын анықтауға, әр түрлі роман түрлерінің жанрлық белгілерін айқындауға бағытталған.

М.М. Бахтиннің пікірінше, жанрлық белгілерді анықтаудың негізгі құралы хронотоп (уақыт-кеңістік) болып табылады, ал хронотоптың әдебиеттануға енуіне А.Эйнштейннің уақыт-кеңістік-материяның диалектикалық байланысын негіздеуі себеп болды.

Хронотопты зерттеуге, хронотоптың рөлін, оның түрлерін, мәні мен қызметтерін, соның ішінде көркем шығарма құрылымында хронотоптың жанр-түзуші қызметін айқындауға көптеген ғалымдар маңызды үлес қосқан (М.М. Бахтин, Д.С. Лихачев, В.Н. Топоров, Ю.М.Лотман, Т.В.Филат, Р.И.Енукидзе, И.С.Емельянова, П.Ю.Повалко, О.О. Кандрашкина, А.Б. Темирболат, С.М. Алтыбаева, N. Vemong, T. Collington және т.б.).

Алайда, ғалымдардың хронотопты және оның құрамдас бөліктерін (кеңістік пен уақыт) зерттеуге қызығушылығының артуына қарамастан, осы уақытқа дейін уақыт-кеңістік-оқиға құрамдастарының диалектикалық өзара әрекеттесуін зерттеуде интегративтік тәсіл қолданылған емес, бұл бағыттағы зерттеу жұмыстары біртұтас роман баяндалуының динамикалық дамуында оқиғаны өзектілендірмей, оның бір немесе екі құрамдас бөлігімен ғана шектелген.

Осы зерттеу жұмысының өзектілігі – хронотоптың когнитивтік лингвистиканыңқазіргі жағдайы тұрғысынан романның жанрлық белгілерін айқындаудың негізгі құралы ретінде зерттелмегеніменбайланысты, атап айтқанда, тілдің антропоөзектілік және түсіндірмеліктеориялары тұрғысынан хронотоптың қалыптасуы мен қызмет етуінің когнитивтік-тілдік тетіктерін ашу мақсатындакөркем шығармадажанрды анықтаушы ретінде қарастырылмағанымен түсіндіріледі.

Зерттеу нысаны – роман көркем дискурс мәнмәтініндегі әдеби жанр ретінде.

Зерттеу пәні – романның жанрлық белгілерін анықтаудың когнитивтік-тілдік тетіктері мен тілдік бейнелеу құралдарының жүйесі.

Зерттеудің негізгі материалы – Кадзуо Исигуроның «Never Let Me Go» және «The Buried Giant» шығармалары.

Зерттеу жұмысының тұжырымдамасы хронотопты концептуалды деңгейде белгілі бір КЕҢІСТІК-УАҚЫТ ҮЗІЛІСІ когнитивтік матрицасы түрінде бейнелеу және талдау, сондай-ақ оның негізгі құрамдастарын тілдік бейнелеу құралдары жүйесімен бірлікте романның жанрлық белгілерін айқындау тетіктерін ашу.

Зерттеудің мақсаты жеке когнитивтік матрица КЕҢІСТІК-УАҚЫТ ҮЗІЛІСІ (КУУ) түріндегі күрделі көп аспектілі білім және оны тілдік бейнелеу құралдары жүйесі ретінде ұсынылған хронотопты когнитивтік-матрицалық модельдеуге негізделген көркем шығармадағы әртүрлі роман түрлерінің жанрлық белгілерін айқындау тетіктерін зерттеу.

Зерттеу жұмысының мақсатына жету үшін келесі **міндеттерді шешу қажет:**

- кеңістік пен уақыттың, сондай-ақ әдебиеттанумен лингвистикадағы хронотоптың жалпы ғылыми теорияларына аналитикалық шолу жасау;
- лингвистика ғылымындағы кеңістік пен уақыт категорияларын бейнелеудің тілдік және ментальдық бірліктерін талдау;
- романның әртүрлі түрлерінің жанрлық белгілерін жүйелеу;
- романның КУУ жеке когнитивтік матрицасы түріндегі күрделі көп аспектілі білім ретінде хронотоптың когнитивтік-матрицалық моделін әзірлеу;
- романның жанрлық белгілерін айқындаудың когнитивтік-тілдік тетіктерін ашу мақсатында романның КУУ және оның құрамдас бөліктеріне, сондай-ақ жүзеге асырудың тілдік құралдарының жүйелеріне концептуалдық-лингвистикалық деңгейде когнитивтік-матрицалық талдау жүргізу;
- романдардың КУУ жүзеге асырылуы ретінде К.Исигуроның «Never Let Me Go» және «The Buried Giant» шығармаларындағы әртүрлі роман түрлерінің жанрлық белгілерін синтездеу тетіктерін ашу.

Зерттеудің теориялық және әдістемелік негізі отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектері болып табылады: кеңістік пен уақыттың жалпы философиялық және жаратылыстану теориялары (Аристотель, Р. Декарт, Г.В. Лейбниц, И. Кант, М. Хайдеггер, А. Ф. Лосев, А. Эйнштейн, Н. А. Козырев, А. А. Ухтомский); әдебиеттанудағы хронотоп, кеңістік және уақыт категориялары (М.М.Бахтин, Ю.М.Лотман, В.Н.Топоров, Н.Л.Лейдерман, Д.С.Лихачев, А.Б. Темірболат, С.М. Алтыбаева, Э.Р. Когай, N. Bemong, T. Collington); әдебиеттанудағы әдеби жанр мәселелері (М.М. Бахтин, Б.В. Томашевский, Н.Л. Лейдерман, В.А. Луков, Е.Е. Баринаова, З.К. Қабдолов, А.М. Құсайынова, Ж.-М. Шеффер, G.S. Morson, J. de Groot, S. Scholliers); когнитивтік поэтика мәселелері (М. Freeman, R. Tsur, Ж.Н. Маслова, Л.И. Белехова, О.П. Воробьева, Е.В. Лозинская, Т.В. Романова, И.А. Тарасова)

Когнитивтік лингвистика саласында зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізі: концептуализация мен категориялаудың заманауи теориялары (Н.Н. Болдырев, Е.С. Кубрякова, Р.И. Павиленис, G. Lakoff, R. Langacker, G. Fauconnier, Т.Г. Скребцова, М.Н. Коннова, З.К. Ахметжанова, Н.А. Шахметова, Г.С. Самсенов); тілдің антропоэзеттік және түсіндірмелік теориялары (В.Гумбольдт, Б.А. Серебренников, В.М. Алпатов, Н.Н. Болдырев, О.В. Магировская, И.Ю.

Безукладова, Е. В. Федяева); кеңістік пен уақыт концептуализациясының заманауи теориялары (Н.Д. Арутюнова, Н.К. Рябцева, О.А. Корнилова, И.В. Маховикова, О.В. Бронникова, Ф.Т. Саметова, V. Evans, P. Brown); когнитивтік матрица түсінігі (Н.Н. Болдырев, В.В. Алпатов, Л.В. Бабина, С.Е. Исабеков, Е.А. Дзюба).

Қойылған міндеттерге байланысты келесі **зерттеу әдістері**: зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми әдебиеттерді талдау мен синтездеудің жалпы ғылыми әдістері; талданатын көркем шығармалардағы, олардың құрылымындағы негізгі ұғымдарды анықтау мақсатында – концептуалды талдау; анықталған негізгі ұғымдардың белгілерін анықтау мақсатында – концептуалдық және анықтамалық талдау, талданатын көркем шығармаларда жүзеге асуы мүмкін негізгі ұғымдарды анықтау мақсатында – контекстік репрезентативтік талдау; ұғымдарды бейнелеудің тілдік құралдарын, яғни, романның жанрлық белгілерін анықтау мақсатында – лингвостилистикалық талдау; КУҰ модельдеу және романның жанрлық белгілерін айқындаудың когнитивтік және тілдік тетіктерін анықтау мақсатында – когнитивтік-матрицалық талдау қолданылды.

Бұл зерттеудің теориялық маңыздылығы романның КУҰ когнитивтік матрицасының әзірленген моделінің оның жанрлық белгітетіктерін ашып көрсетуінде және көркем шығармаларды талдаудың әмбебап үлгісі бола алатынында, бұл когнитивтік лингвистика, әдебиеттану және когнитивтік поэтика салаларының дамуына қосылатын ерекше үлес болып табылады. Зерттеу нәтижелері ұжымдық және жеке тұлғаның өзара әрекеттестігі негізінде авторлық әлем құрылысын беретін концептуалдық және тақырыптық салалардың жиынтығы болып саналатын матрицалық форматтың көп өлшемді білім бірлігі ретінде көркем шығарма туралы ғылыми түсінікті кеңейтеді.

Зерттеу жұмысының практикалық маңыздылығы. Зерттеу нәтижелерін когнитивтік лингвистика, әдебиеттану теориясы, когнитивтік поэтика, прагмалингвистика, мәтін және дискурс лингвистикасы, көркем мәтінді дискурсивті талдау курстарында пайдалануға болады. Көркем шығармаларды филологиялық талдауда қолдануға болатын хронотопиялық және концептуалдық талдау түрлерінің қосындысы болып табылатын қолданбалы әдісті одан әрі теориялық тұрғыдан негіздеуге мүмкіндік береді.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдамалар:

1. Хронотоптың әдеби категориясын танымдық тұрғыдан түсіну, когнитивтік лингвистиканың қазіргі теорияларына сәйкес матрицалық форматтың күрделі тұжырымдамасы ретінде ұсынылған «КЕҢІСТІК-УАҚЫТ ҮЗІЛІСІ» матрицалық форматтың кешенді концепциясы өз құрылымында кеңістік пен уақытты ғана емес, сонымен қатар көркем баяндаудағы оқиғалық дамуды біріктіреді, бұл «хронотоп» (М.М. Бахтин) ұғымының мәнін кеңейтеді. Хронотопты зерттеудегі бұл тәсіл оның жанр құрушы қызметін жүзеге асырудың жалпы тетігін ашады, сонымен қатар талданған шығармалар ішіндегі жеке авторлықшындықты, екінші рет түсіндірудің рөлін ашады.

2. Нақты романда хронотоп автордың түсініктемесі күрделі көпөлшемді білім бірлігі ретінде белгілі бір когнитивтік матрицаның КЕҢІСТІК-УАҚЫТ ҮЗІЛІСІ түрінде көрсетіледі. Оның өзегі жеке авторлық тұжырымдамалар арқылы нақтыланатын КЕҢІСТІК, УАҚЫТ, ОҚИҒА концептуалды салаларын біріктіреді. Бұл өзек белгілі бір концептуалдық және тақырыптық салалармен (тұлғалық-индивидуалды, әлеуметтік-мәдени, ғылыми-медициналық, мифологиялық, философиялық-адамгершілік) ұсынылған әр түрлі когнитивтік контексте түсініледі, олардың әрқайсысында автордың көркем шығармадағы әлем құрастыру ерекшелігі арқылы анықталатын белгілі бір негізгі ұғымдар жиынтығы беріледі.

3. Әртүрлі роман түрлерінің тиісті жанрлық белгілерін айқындауды автор КУУ өзегін түсінудің концептуалдық және тақырыптық салаларының негізгі концепцияларының сипаттамаларында береді. «Never Let Me Go» романында *психологиялық романның, махаббат хикаясының* жанрлық ерекшеліктері FRIENDSHIP, LOVE, SEX, концептерінің сипаттамаларында; *роман-утопия және роман-дистопия* – HAILSHAM, GALLERY, SPRING EXCHANGE концептерінің сипаттамаларында; *ғылыми фантастика* – CLONE, CARER, DONATION концептерінің сипаттамаларында; *әлеуметтік роман және философиялық теңеу* – FATE, EQUALITY, SACRIFICE концептерінің сипаттамаларында жүзеге асады. «The Buried Giant» романында *әдеби ертегінің* жанрлық ерекшеліктері LOVE, SON, DISEASE; концептерінің сипаттамаларында; *тарихи роман* – SAXON VILLAGE, SAXON WARRIOR, MONASTERY концептерінің сипаттамаларында; *фэнтези* – KING ARTHUR, SIR GAWAIN, THE BURIED GIANT, THE SHE-DRAGON QUERIG, BOATMAN, MIST, MYSTIC CREATURES концептерінің сипаттамаларында; *философиялық теңеу* – GREAT TREATY (GREAT LAW), SLAUGHTER, EXPLOIT OF FIVE WARRIORS концептерінің сипаттамаларында жүзеге асады.

4. Романның алуан түрлерінің жанрлық белгілерін айқындауды автор бейіндік, перспективалық, фокустық және қайта бағыттау, концептуалды метафора, концептуалды метонимия, перспективалық вектор, ретроспективті вектор, бейнелі салыстыру мен оппозиция, эвфемизацияның когнитивтік тетіктерін қолдану арқылы жүзеге асырды. Тілдік тетік ретінде номинация, сөзжасам, нақты сөздердің мағыналық үйлесімділігі, антонимия, синоним, метафора, метонимия, салыстыру, синтаксистік құрылымдар және тілдік құралдар жүйесінде бір-біріне байланысты тағы да басқа тетіктер қолданылды.

5. Дүниені көркемдік түсіндіру үстем концептуалды-тақырыптық аймақ пен басым концепция призмасы арқылы жаңа мағыналардың қалыптасуы мен өзара енуін қамтамасыз ете отырып жүзеге асырылады. Концептуалды деңгейде роман түрлерінің синтезі бір концептуалдық-тақырыптық саланың (және сәйкесінше оны құрайтын негізгі ұғымдардың) басым болуына және романның бір түрінің барлық басқаларына қатысты жанрлық белгілеріне байланысты туындайды, ал лингвистикалық деңгейде – жалпы және жеке авторлық сипаттарды беру, әртүрлі ұғымдармен және жанрлық белгілерімен корреляцияланған әртүрлі мағыналарды

біріктіру үшін бір мезгілде бір құралдарды қолдану арқылы орындалады. «Never Let Me Go» романында басым аймақ ғылыми-медициналық концептуалдық-тақырыптық аймақ және соған сәйкес ғылыми-фантастикалық романның жанрлық белгілері, «The Buried Giant» романында басым аймақ – мифологиялық концептуалды-тақырыптық аймақ пен фантастикалық романның жанрлық белгілері.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы келесі тармақтармен анықталады:

- алғаш рет белгілі бір когнитивтік матрицаның КЕҢІСТІК-УАҚЫТ ҮЗІЛІСІ түріндегі күрделі көпөлшемді білім бірлігі ретінде хронотоптың әдеби категориясының когнитивтік түсінігі ұсынылды;

- хронотопты концептуалды зерттеу көркем шығарманың хронотоптың жеке авторлық, екінші реттік түсіндірмесінде көрініс табатын авторлық әлем құрылысы екенін көрсетуге мүмкіндік берді;

- зерттеудің ғылыми жаңалығы – бір жағынан, белгілі бір ұғымдардың жандануы мен олардың сипаттамалары арасындағы себепті байланыстарды анықтау, екінші жағынан, романның нақты жанрлық белгілерін жүзеге асыру;

- бір көркем шығармада әртүрлі роман түрлерінің жанрлық белгілерін жүзеге асыру тетігін ашу үшін алғаш рет когнитивтік-матрицалық талдау қолданылды;

- Кадзуо Исигуроның екі көркем шығармасы мысалында романның нақты жанрлық белгілерін жүзеге асырудың когнитивтік және тілдік тетіктері анықталды;

- көркем шығарманың басқаларға қатысты бір ұғымның, соған сәйкес бір концептуалдық-тақырыптық саласының тығыз байланысы мен басым рөлі ашылды, соның негізінде бір көркем шығармадағы роман берілген әртүрлі типтегі әртүрлі жанрлық белгілері синтезделді.

Жұмыстың сынаамасы: диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша 11 мақала, оның ішінде 3 мақала диссертациялық зерттеу нәтижелерін жариялау үшін ҚР БҒМ білім және ғылым саласын бақылау комитетімен ұсынылған жарияланымдар тізіміне енгізілген басылымдарда; 3 мақала – халықаралық басылымдарда; 4 мақала – халықаралық конференциялар материалдарында, оның ішінде 1 мақала Thomson Reuters (Web of Science) индекстелген; 1 мақала SCOPUS халықаралық деректер базасына енгізілген халықаралық рецензияланған журналда жарияланды. Г.Р.Державин атындағы ТМУ (Ресей) біліктілікті арттыру бағдарламасы бойынша «Когнитивтік лингвистика мәселелері» (2019ж., 2021 ж.) ғылыми семинарларында баяндамалар жасалынды.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы мен жоспары: Зерттеу жұмысы кіріспеден, үш тараудан, тараулар бойынша қорытындылардан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.